«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы
жиналысының шешімімен
(2015 жылғы «___» _____
отырыстың №_____ хаттамасы)
бекітілді

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі

Астана қаласы, 2015 жыл

М А З М Ұ Н Ы

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

2. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу шарттары

4. Директорлар кеңесінің құзыреті

5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат

7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

8. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп

9. Акционерлермен өзара қатынас

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы

1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

Компанияның басқару органы Директорлар кеңесі және ол өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Компанияның Жарғысына, Топтық басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережесіне және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғам Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Сонымен қатар листингілік компания мәртебесі топтық басқарудың халықаралық стандарттарына сәйкес болуды міндеттейді. Бұл стандарттардың талабы Директорлар кеңесінің құрамына да, оның құрылымына да қойылатынаы сөзсіз.

Осыған байланысты, сондай-ақ Компания Директорлар кеңесінің жұмыс істеп жүрген мүшелерінің өкілеттік мерзімі назарға алынып, 2014 жылғы 28 мамырда Акционерлер жалпы жиналысында Компания Директорлар кеңесі өкілеттігінің үш жылдық мерзімі белгіленді және оның құрамына үш тәуелсіз директор – Дэниель Михаликті, Серік Пірімбетовті және Мұстафа Хабибті қоса алағнда алты адам сайланды.

Тәуелсіз директорлар үлесін 50%-ға дейін көтеру акционерлердің түрлі топтарының мүдделері сақталуы үшін Директорлар кеңесінің құрамын теңдестіруді қамтамасыз етті, сондай-ақ комитеттер құрамын топтық басқарудың үздік халықаралық стандарттарының талаптарына келтіруге мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілген шешіммен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі Ардақ Қасымбек Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Ардақ Мұқышов та ірі акционердің өкілі.

Басқарманы басқарушы Қайыргелді Қабылдин де Директорлар кеңесінің құрамына кіреді және Директорлар кеңесінде Компания атқарушы органының бірден бір өкілі.

Компания Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесін, машығын және біліктілігін мейлінше жақсы теңдестіруге ұмтылады. Мәселелерді талқылау кезінде түрлі көзқарастың болуы Директорлар кеңесіне өз міндетін аса тиімді атқаруға және барлық акционердің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

2. Директорлар кеңесінің құрамы

Аты-жөні	Лауазымы
Ардақ Қасымбек	Директорлар кеңесінің төрғасы
Қайыргелді Қабылдин	Директорлар кеңесінің мүшесі

Дэниел Михалик	Тәуелсіз директор
Ардақ Мұқышов	Директорлар кеңесінің мүшесі
Серік Пірімбетов	Тәуелсіз директор
Мұстафа Хабиб	Тәуелсіз директор

3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу шарттары

Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу шарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Компанияның Жарғысымен және Топтық басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережесімен анықталған.

Топтық басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздігі фактісін орнатты және Дэниел Михалик, Серік Пірімбетов пен Мұстафа Хабиб шешім қабылдау сипаты бойынша тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі көрсетілген директорлардың тәуелсіз шешімдер қабылдауына елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін әлдебір қатынастардың немесе жағдайлардың жоқ болуын орнатты.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық болжай алу, Компания іс-әрекеттер, топтық басқару, тәуекел менеджментін жасайтын саланың ерекшелігін білу тәжірибесін енгізуде. Мұнымен қатар барлық директордың қаржылық есептілік және аудит, бизнес жоспарлау және жобаларды басқару саласында білімі бар.

4. Директорлар кеңесінің құзіреті

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және Компания қызметінің ұзақ мерзімді келешекке басым бағыттарын белгілейді, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді және өзге де маңызды мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Компания Басқармасына шешу үшін беріле алмайды.

Директорлар кеңесі Компания Жарғысына сәйкес Компания Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі, Басқарма және бас директор (Басқарма төрағасы) арасында өкілеттіктерді бөлу Компания Жарғысының 11 және 12-баптарымен айқындалады.

Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес Компания қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Акционерлер жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

Директорлар кеңесі Басқарма қызметін бақылауды өз құзыретінің шегінде жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпарат

2014 жылы Директорлар кеңесі сырттай нысандағы 2 отырысты қоса алғанда 14 отырыс өткізді, оларда мынадай шешуші бағыттар бойынша мәселелелер қаралып, шешімдер қабылданды:

Стратегиялық даму

- 2012 – 2022 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру туралы 2013 жылдың есебін қарау
- 2013 жылғы бизнес жоспардың іске асырылуы туралы есепті қарау
- негізгі құралдар қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша түзетілген 2014 – 2018 жылдарға арналған бизнес жоспарларды бекіту
- 2012 – 2022 жылдарға арналған жаңаланған даму стратегиясын бекіту
- негізгі құралдар қайта бағаланған және тарихи құндары бойынша түзетілген 2015 – 2019 жылдарға арналған бизнес жоспарларды бекіту

Қаржылық-шаруашылық қызмет

- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы
- Компанияның 2013 жылға жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту
- Компанияның 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібі туралы және 2013 жылға Компанияның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар
- жасалуына Компанияның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау
- 2014 жылғы бірінші жартыжылдық үшін аралық (жартыжылдық) жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту

Сондай-ақ Директорлар кеңесі Компанияның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселе бойынша шешім қабылдады:

- Тексеру комиссиясының «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС-ның

2013 жылға қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру бойынша қорытындысы

• «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС-ның 2013 жылға жылдық қаржылық есептілігі және таза табысын бөлу

• «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС-ның 2014 жылға бюджеті

• «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС-ның 2015 жылға бюджеті

• «Batumi Terminals Limited» компаниясының жаңа редакциядағы жарғысы

• «МұнайТас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің сан құрамы, өкілеттік мерзімі және оның мүшелерін сайлау

• «МұнайТас» СБҚК» АҚ-тың 2013 жылға таза табысын бөлу тәртібі, «МұнайТас» СБҚК» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау

• «МұнайТас» СБҚК» АҚ-қа 2014 жылға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды, қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу және оның қызметтерін бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы

• «Batumi Terminals Limited» компаниясының 2013 жылға жылдық қаржы есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігі

• «Batumi Terminals Limited» компаниясының 2013 жылдың қорытындылары бойынша төлемін жариялау

• «Batumi Terminals Limited» компаниясының директорларын қайта сайлау және тағайындау

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі «Batumi Terminals Limited» компаниясының қызметі, «Қазақстан – Қытай» мұнай құбырын кеңейту мәселелерін және Алашанькоуға мұнай жеткізуге қатысты CNPC компаниясымен келіссөздер нәтижелерін талқылады.

Директорлар кеңесі Компания қызметіндегі маңызды өзгерістерді және басқарушылық есептілікті ай сайын қарап отырды.

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы шешімдері туралы қосымша ақпаратты Компанияның www.kaztransoil.kz сайтында қарауға болады.

Топтық басқару

Директорлар кеңесі Компаниядағы топтық басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындауда маңызды қызмет атқарады.

Директорлар кеңесі отырыстарында Компанияның топтық басқару саласындағы қызметімен байланысты, оның ішінде осы саладағы іс-шаралардың орындалуы туралы есептерге және келешектегі жоспарларға қатысты мәселелер үнемі қаралып отырады.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырды әрі мынадай мәселелерді қарады:

• Компанияның Топтық басқару кодексінде бекітілген қағидаттарды қолдануы туралы есебі

• Компанияның ашықтығына және ақпаратты ашу үдерістерінің тиімділігіне қатысты есеп

• Топтық басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу

• Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау

• Компания Басқармасының сан құрамын айқындау және Басқарма мүшесін сайлау

• 2014 жылға Компанияның басшы қызметкерлері жұмысының уәжді басты көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту

• Директорлар кеңесінің 2013 жылға қызметін бағалау жүргізу

• Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары

• Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар комитетінің ұсыныстары

Ішкі аудит

Ішкі аудит мәселелері бойынша мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:

• Ішкі аудит қызметінің сан құрамын айқындау

• Ішкі аудит қызметі жетекшісінің міндеттерін орындауды жүктеу

• Ішкі аудит қызметінің жетекші аудиторын тағайындау және оның еңбегіне ақы және сыйақы төлеу мөлшері мен ережелерін айқындау

• Компания Ішкі аудит қызметінің 2013 жылғы жұмысы қорытындылары бойынша есебі

• Компанияның өндірістік, операциялық және қаржылық үдерістеріне аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда тауар-материалдық қорларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды қамтамасыз ету үдерісіне жүргізілген аудит бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ және «Батуми теңіз кемежайы» ЖШҚ өндірістік, операциялық және қаржылық үдерістеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметіне «Batumi Terminals Limited» ақпаратына, материалдарына және объектілеріне рұқсат беру туралы

• Компанияда мұнайды есепке алу үдерісінің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиті нәтижелері бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Инвестициялық бағдарламаның орындалу үдерісіне жүргізілген аудит бойынша Компанияның Ішкі аудит қызметі аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• адам ресурстарын басқару үдерісіне жүргізген аудиті бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• операторлық қызметке жүргізген аудит бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компаниядағы Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің есебі және оны Жетілдіру жоспары

• Тәуекелдерді басқару топтық жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің есебі және оны Жетілдіру жоспары

Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдады, сондай-ақ мынадай құжаттарды бекітті:

• Ішкі аудит қызметінің Стратегиялық жоспарын әзірлеу әдістемесі

• Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары

• Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Компанияда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. Жүйе Компанияның өзінің бизнес мақсаттарына қол жеткізуімен байланысты елеулі тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару мақсатында акционерлердің Компанияға инвестицияларын сақтау және арттыру ескеріле отырып, әзірленген.

Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер серпінін және Компанияның тәуекелдерді басқару іс-шаралары жоспарының орындалуын талдау жүргізіп отырды, сондай-ақ мынадай құжаттарды бекітті:

• ішкі бақылау жүйесі саясаты

• ішкі бақылау жүйесі регламенті

• 2014 – 2016 жылдарға арналған тәуекелдерді басқару бағдарламасы

• Компанияның және оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының тәуекелдер жіктемесі

Бұдан басқа Директорлар кеңесі Компанияның ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2014 жылға арналған жоспарын және Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау туралы есепті қарады.

2014 жылы Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:

• Салықты есепке алу саясаты

• Компанияның Мәскеу, Самара және Омбы қалаларындағы өкілдіктері туралы ереже жаңа редакцияларда

• Компанияның жекелеген филиалдары туралы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар

• Компания қызметкерлерінің тұрғын үйлер сатып алуын немесе салуын қаржыландыруды ұйымдастыру қағидасы

Сондай-ақ Директорлар кеңесі компания Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қарады және Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынды.

7. Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу

Директор	Отырыстарға қатысу	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесі құрамында болу кезеңі
Ардақ Қасымбек	14-тің 14-і	100	01.01.2014 – 31.12.2014
Қайрыгелді Қабылдин	14-тің 14-і	100	01.01.2014 – 31.12.2014
Дэниел Михалик	14-тің 14-і	100	01.01.2014 – 31.12.2014
Ардақ Мұқышов	9-дың 8-і	89	28.05.2014 – 31.12.2014
Серік Пірімбетов	9-дың 9-ы	100	28.05.2014 – 31.12.2014
Мұстафа Хабиб	14-тің 14-і	100	01.01.2014 – 31.12.2014

8. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп

Комитеттер Компания Директорлар кеңесінің кеңесші-ойласушы органдары болып табылады және Директорлар кеңесі қызметінің тиімді орындалуына, өз құзыреті шегінде неғұрлым маңызды мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындауға септесу мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесі жанында мынадай үш комитет жұмыс істейді:

• Стратегиялық жоспарлау комитеті

• Ішкі аудит комитеті

• Кадрлар және сыйақылар комитеті

Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 31 шілдедегі шешімімен Директорлар кеңесі комитеттерінің жаңа құрамдары құрылды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитет Компанияның стратегиялық даму, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды

алдын ала қарау және дайындау жолымен Компания Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің комитеттегі жұмысқа арналған қажетті кәсіби білімдері бар мүшелерінен және сарапшылардан тұрады, олардың сан құрамын Директорлар кеңесі айқындайды. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс.

Комитет отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде алты айда бір рет өткізіледі.

2014 жылы аталған комитеттің құрамына Мұстафа Хабиб (төраға), Қайыргелді Қабылдин, Дэниел Михалик және Серік Пірімбетов кірді.

Комитет есепті кезеңде Компанияның 2012 – 2020 жылдарға арналған жаңартылған Даму стратегиясын және Компанияның 2015 – 2019 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту мәселелері жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныс берді.

Кадрлар және сыйақылар комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесінің мүшелерін, бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін, топтық хатшыны іріктеу, тағайындау (сайлау), бағалау және оларға сыйақылар берумен байланысты өз өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде Директорлар кеңесіне септестік көрсету.

Комитет мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Компания Директорлар кеңесінің төрағасы және бас директоры (Басқарма төрағасы) Комитет мүшелері болмауы тиіс.

2014 жылы Комитет құрамына тәуелсіз директорлар ғана, атап айтқанда: Дэниел Михалик (төраға), Серік Пірімбетов және Мұстафа Хабиб кірді.

Комитет отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде жылына екі рет өткізіледі.

2014 жылы Комитет 7 бас қосқан отырыс өткізді және мына мәселелер бойынша ұсыныстар әзірленді:

- Компания Директорлар кеңесінің 2013 жылғы қызметін бағалау
- Компания Директорлар кеңесінің құрамы және Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер тізімін жасау
- Компания тәуелсіз директорларына олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен ережелерін айқындау
- Компанияның топтық хатшысына және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне 2013 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу
- 2014 жылға компания басшы қызметкерлері жұмысының басты уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту
- Компания Ішкі аудит қызметі жетекшісінің және топтық хатшының 2014 жылға қызметінің басты уәжді көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту

• Компания Басқармасы сан құрамын айқындау және Компанияның Басқарма мүшесін сайлау

• Компанияның топтық хатшысын тағайындау, оның лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы төлеу ережелерін айқындау

Ішкі аудит комитеті

Ішкі аудит комитетінің қызметі сыртқы және ішкі аудит, қаржы есептілігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Компания Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша Компанияның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

2014 жылы Ішкі аудит комитетінің құрамына Серік Пірімбетов (төраға), Ардақ Қасымбек, Дэниел Михалик және Мұстафа Хабиб кірді.

Ішкі аудит комитетінің отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

Есепті кезеңде Ішкі аудит комитеті 10 бас қосқан отырыс және сырттай дауыс беру жолымен 1 отырыс өткізді.

Комитет отырысы аудит нәтижесін бірлесіп қарау мақсатында Компания аудиторы – «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны міндетті түрде шақырып өткізіледі.

Есепті кезеңде Комитет Аудитордың Компания басшылығына берген құпия есебін қарады. Бұдан басқа Комитет мынадай мәселелерді қарады және алдын ала мақұлдады:

Қаржылық есептілік

• Компанияның 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігі

• Компанияның 2014 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша және осы күнге аяқталған үш ай үшін аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі

• Компанияның 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және осы күнге аяқталған алты ай үшін аралық жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігі

• Компанияның 2014 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша және осы күнге аяқталған тоғыз ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі

Ішкі аудит

• 2013 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есеп

• Компания Ішкі аудит қызметінің 2014 жылғы жұмысы туралы тоқсан сайынғы есептер

• Компания Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау және олардың еңбегіне ақы және сыйақы төлеу мөлшері мен ережелерін айқындау

• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі 2013 жылғы 29 мамыр – 21 маусым кезеңінде жүргізген Компанияның өндірістік, операциялық және қаржылық үдерістерінің аудиті нәтижелері жөніндегі есеп

• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі 2013 жылғы 29 шілде – 30 тамыз кезеңінде жүргізген «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ және «Батуми теңіз кемежайы» ЖШҚ өндірістік, операциялық және қаржылық үдерістерінің аудиті нәтижелері бойынша аудиторлық есеп

• Компанияда тауар-материалдық қорларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды қамтамасыз ету үдерісіне Компанияның Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда мұнайды есепке алу үдерісіне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі 2013 жылғы 14 қазан – 13 желтоқсан кезеңінде жүргізген аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда Инвестициялық бағдарламаның орындалу үдерісіне Компанияның Ішкі аудит қызметі жүргізген аудиті нәтижелері бойынша аудиторлық есеп және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда адам ресурстарын басқару үдерісіне жүргізген аудит бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда операторлық қызметке жүргізілген аудит бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компанияда құжат айналымы үдерісіне жүргізілген аудит бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және байқалған сәйкессіздіктер бойынша Түзетуші іс-әрекеттер жоспары

• Компания Ішкі аудит қызметінің Стратегиялық жоспарын әзірлеу әдістемесі

• Компания Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары

• Компания Ішкі аудит қызметінің 2015 – 2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

• Ішкі бақылау жүйесі саясаты және Ішкі бақылау жүйесінің регламенті

• Компанияда Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің есебі және оны Жетілдіру жөніндегі жоспар

• Компанияда Тәуекелдерді басқару топтық жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Компания Ішкі аудит қызметінің есебі және оны Жетілдіру жөніндегі жоспар

Активтерді бағалау

• ҚЕХС-ға және «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялары тобының есеп саясатына сәйкес жеке және шоғырландырылған қаржы есептілігін жасау мақсаттары үшін жүргізілген Компания негізгі құралдарын әділ құны бойынша бағалау нәтижелері

Өзге де мәселелер

• Компанияның және оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының 2014 – 2020 жылдарға арналған бухгалтерлік қызметкерлерін дамыту бағдарламасы

9. Акционерлермен өзара қатынас

Топтық басқару сапасын және қызметтің ашықтығын арттыру Компанияның инвестициялық тартымдылығының өсуі және миноритарлық акционерлер мүдделерін есепке алу кепілдері үшін қажетті жағдай болып табылады.

Компания қызметінің басты қағидаттарының бірі акционерлермен мейлінше ашық және тиімді өзара әрекет болып табылады.

Директорлар кеңесі барлық акционерге бірдей тең қарауға кепілдік береді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Компанияны басқаруға қатынасуға, сондай-ақ дивидендтер және Компания қызметі туралы ақпаратты алуға өз құқығын іске асыруға мүмкіндік береді.

Компания инвестициялық қауымдастықпен ұзақ мерзімді және тиімді өзара қатынасты қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүйелі түрде жүзеге асырады.

Соңғы кездерде акционерлер мен инвесторлар үшін ақпаратты ашу деңгейі елеулі өсті. Листингілік талаптарға және «ҚазТрансОйл» АҚ ақпаратын ашу туралы қағидаға сәйкес оның акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын Компания қызметі туралы маңызды ақпаратты алуын Компания уақтылы және жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

Ірі акционермен өзара әрекет

Қазақстан қор биржасындағы листингке байланысты 2012 жылғы қазанда Компания мен оның ірі акционері – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы арасында Өзара қатынас туралы келісім жасалды.

Келісім Компания мен оның ірі акционері арасындағы өзара әрекет қағидаттарын айқындайды және Компанияның нарықтық жағдайдағы барлық акционер мүддесіне дербес қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Келісімнің толық нұсқасы Компанияның www.kaztransoil.kz веб-сайтында «Акционерлерге және инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу ережесімен белгіленген.

Тәуелсіз директорларға төленеді:

тиянақты сыйақы;

Директорлар кеңесі комитеттерінің бас қосқан отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тәуелсіз директорлардың тұрақты тұру орнынан тыс жерлерде өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстарын (жол жүру, қонақ үйде тұру, тәуліктік) Компания өтейді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мына ережелерді орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін Компанияның мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде білдіретін тәсілдерді пайдаланып, адал орындау;

Қазақстан Республикасының заңнамасын және Компания Жарғысын шешімдер қабылдау кезінде басшылыққа алу;

Сырқаттанып қалуды, демалыста, іссапарларда болуды қоспағанда Компания Директорлар кеңесінің бас қосқан отырысына қатысу және барлық сырттай отырысына қатысу.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2014 жылғы жұмысының нәтижелері бойынша төленген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қоса алғанда 48 450 мың теңгені құрады.